

С.Н.Мұқанова, Ж.Т.Нығметова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: sana.mn@mail.ru)***Әлеуметтік педагог қызметінің психологиясы**

Мақалада ғылым және тәжірибедегі әлеуметтік педагог қызметінің психологиялық негізі мен мазмұны қарастырылды. Әлеуметтік педагогика қызметінің негізінде кәсіби қызметті қамтамасыз ететін қағидалар айқындалды. «Психикалық» және «психологиялық» ұғымдарының әлеуметтік педагог қызметіндегі алатын орны анықталды. Педагогика ғылымындағы әлеуметтік-педагогикалық компонент мәнінің қазіргі анықтамасы баяндалды. Психоәлеуметтік жұмысының мазмұны, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің нақты социум жағдайындағы білім алуы, тәрбиесі, дамуы мен өзін-өзі жетілдіру сұрақтарының мәні ашылды. Түбегейлі орын әлеуметтік-педагогикалық қызметінің ғылым және нақты тәжірибедегі ерекшелігін, құрылымын, бағыттарын қарастыруға берілген.

*Кілтті сөздер:* әлеуметтану, психология, әлеуметтік педагог, әлеуметтік психология, білім беру, оқытушы, педагогикалық қызмет, әлеуметтік педагогика, тәрбие, әлеуметтік орта.

Қазіргі замандағы мектеп қолдауды және оқушылардың әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесінің дамуын қажет етеді. Бүгінгі таңдағы ақиқаттың динамикалығынан, қақтығыстығы мен белгісіздігінен туындаған проблемалардың салдарынан қазір өзін әлеуметтік қорғаныста, аманшылдықта сезінетін халықтың әлеуметтік топтары іс жүзінде жоқ. Өкінішке орай, осы жағдай, ең бастысы, балаларға қатысты және, біріншіден, бұл балаларды әлеуметтік қорғау және балаларға әлеуметтік көмек көрсету салаларындағы мамандардың жұмысын күрделендіреді. Ал екінші жағынан қарағанда, дәл осы жағдай проблеманы кәсіби бағалай алатын және оларды шешуге көмек көрсете білетін әлеуметтік қызмет мамандарына, әлеуметтік педагогтарға, әлеуметтік жұмыскерлерге деген сұранысты арттырады. Сондықтан қазіргі таңда әлеуметтік педагогиканың және әлеуметтік педагогика облысындағы мамандарды дайындау жүйесін қалыптастыру осындай маңызды мәнге ие болып отыр.

Әлеуметтік педагог қызметінің бір ерекшелігі, оқушы өз проблемасын және оның неден туындағанын әрдайым сипаттай алмайтындығында. Осы орайда әлеуметтік педагог проблемалық мәселенің туындау себептерін өзі анықтап, «диагнозды» өзі қоюы қажет.

Әлеуметтік педагог өзінің кәсіби бойынша, мүмкіндігінше, проблеманың алдын алуға ұмтылады, дер кезінде оны туындатқан себептерін анықтап, оларды жоюға, әр түрлі сипаттағы жағымсыз құбылыстардың (әлеуметтік, физикалық және т.б. сипаттағы) превентивті түрде алдын алуды қамтамасыз етуге тырысады. Әлеуметтік педагог оған көмек сұрап келуді күтпейді. Этикалық формада ол жанұямен қарым-қатынасқа өзі түседі [1]. Әлеуметтік педагог әсерінің нысаны жанұядағы бала, жанұяның ересек мүшелері және жанұяның өзі, жалпы, ұжым ретінде болуы мүмкін.

Әлеуметтік педагогтың қызметі әлеуметтік-педагогикалық көмектің үш құрамын: білім беру, психологиялық және делдалдықты құрайды [2]. Білім беру әлеуметтік педагог қызметінің екі бағытын құрайды: білім берудегі көмек және тәрбие. Бұл жағдайдағы көмек пайда болған проблемалардың алдын алуға және педагогикалық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбиедегі көмек әлеуметтік педагогпен, ең бірінші, кеңес беру, сонымен қатар уақытындағы көмек мәселелерін шешуге арналған, оны нығайту мақсатында және оның тәрбие әлеуетін неғұрлым кең қолданылуына арнайы тәрбиелік жағдайларды жасау жүзінде өткізіледі.

Әлеуметтік-педагогикалық көмек құрамына екі компонент кіреді: әлеуметтік-психологиялық көмек және түзету (коррекция).

Әлеуметтік педагог өз қызметінде үш негізгі рольді атқарады.

Кеңесші — өзара қарым-қатынастың мүмкіндіктері, даму жайлы ақпарат және тәрбие бойынша педагогикалық кеңестер береді.

Консультант — мәселе аумағындағы заңнама бойынша кеңес, тұлғааралық қарым-қатынастардан, нақты мәселеге бағытталған тәрбие әдістерінен ақпарат береді, қалыпты даму және тәрбиеге қажетті жағдайларды жасау тәсілдерін түсіндіреді.

Қорғаушы — адамның толық азып-тозуымен (маскүнемдік, нашакорлық, балаларға деген қаталдық) түйісіп қалған уақытта және соның салдарынан балаларға тұрмыс-салттың

жайғаспағандығы, ықыластың жоқтығы, ата-аналардың адамгершілік қатынасының болмауы мәселелерінен туындайтын жағдайларда құқығын қорғайды [3].

Педагогикалық қызметке өзара байланысты ұғымдарға, қағидаларға, идеяларға және әдістерге нақтылы жиынтыққа қолдануға түрткі болатын өз әрекеттерін жүзеге асыруда білім беретін мекемелердегі жетекшінің, маманның бағыты. Бұл сонымен бірге кешенді педагогикалық құрал және өзіне келесіні қосады:

- қазіргі тәжірибенің негізгі ұғымдары;
- қызметтің қағидалары, қабылдаулар;
- білім беру қызметінің құрастырушы әдістері.

Мұндай контекстте әлеуметтік-педагогикалық жол социумға сүйене отырып, педагогикалық үрдісті жүзеге асыруды (оқыту және тәрбиелеу) және әлеуметтік институттармен өзара әрекеттесуді анықтау арқылы оның тәрбиелік әлеуетін, тәрбиеленушілерді әлеуметтік маңызды қызметтерге және әлеуметтік қатынастарға қосуды, әлеуметтік қажеттіліктерді қалыптастыруды және тұлғаның әлеуметтік қабілеттіліктерінің дамытуын болжайды. Әрине, бұл жол жанұяның және басқа да әлеуметтік институттардың мүмкіндіктерін (әр түрлі білім беретін тәрбиелік құрылымдар, қоғамдық ұйымдар, халықты әлеуметтік қорғау мекемелері, қайырымдылық қорлары және т.б.), тұлғаның микроортасын және жалпы социумды қолдануды талап ететіні анық. Ол адам құқығын қорғауды, оның қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін дамытуды, руханилығын қорғауды қамтамасыз етеді, әр түрлі жеке орта жағдайларға оларды шешу және балаларды қорғау мақсатында педагогикалық құзырлы кірісудің механизмдерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұндай қызмет — бұл нысананы көздеген, ғылыми негізделген, педагогикалық түрде ұйымдастырылған адамның қоршаған әлеуметтік ортамен құрылған қарым-қатынасының жүйесі, өзінің тұлғаға деген көп факторлы әсерімен. Салдары ретінде ол өзіне «ортадағы тұлғаны», «социумдағы тұлғаны», «әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі тұлғаны», «әлеуметтік қызмет құрылымындағы тұлғаны» сипаттайтын сұрақтардың талдауын қосып алады.

Әлеуметтік-педагогикалық жол қалалық социумға және оның тұлғаның дамуындағы тәрбиелік потенциалына сүйенуді болжайды [4]. Ол социумның потенциалын қолдану негізінде тұлғаның кей мәселелерінің шешілуінде деп айтуға болады:

- адамды әлеуметтік маңызды қызметіне, жаңа әлеуметтік қатынастарға қосу арқылы;
- тұлғаның бойында әлеуметтік қажеттіліктерді қалыптастыру, оның әлеуметтік қабілеттіктерін дамыту арқылы;
- қаланың әлеуметтік институттарымен ағымдық және созылмалы қасиетіндегі жеке мәселелерінің шешілуі үшін іскерлік қарым-қатынасын қалыптастыру арқылы.

Сайып келгенде, бұл жол педагогика ғылымында және тәжірибесінде қалыптасқан тұлғаға және оның салыстырмалы түрде педагогикалық (білім беру) құрылымындағы (балабақша, мектеп, қосымша білім беру мекемелерінде, жоо) қалыптасуына деген тар көзқарасты жеңуіне мүмкіндік туғызады. Оның контекстінде адамның құрылымдық-функционалдық байланыстары педагогикалық түрде бақыланатын білім және тәрбие әрекеттерінің бастысы ретінде қарастырылады.

Білім беруде мекемелермен жалпыға міндетті білім міндеттерін атқарудан басқа, мұндай жол, әрине, вариативті білімнің жүзеге асырылуын да, әлеуметтік қорғауындағы балалардың әр түрлі категорияларына көмекті де, ата-аналарға социумның потенциалын қолдану негізінде көмек көрсетуді де қосып алады.

Әлеуметтік-педагогикалық жол бірқатар қағидалар негізіндегі кәсіби қызметті қамтамасыз етеді:

1. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік қызметті ұйымдастыру және басқарудағы қызметтестік қағидасы барлық субъектілердің тәрбиенің жалпы мақсаттарының және оларға қол жеткізу жолындағы күш-жігерді біріктіру негізінде өзара қатынасының құрылуын болжайды.

2. Мәдени сәйкестік қағидасы максималды түрде тәрбие және білім берудегі құндылық, балалар мен жастардың толыққанды дамуы және олардың жасампаздық қызметіндегі өзін шығармашылық көрсетуі ретінде Қазақстанның бай мәдени потенциалын қолдануды білдіреді.

3. Табиғи сәйкестік қағидасы балаға табиғаттың бір бөлігі ретінде қарауды білдіреді (жеке физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескеру), баланың табиғатпен бірліктегі және келісімдегі тәрбиесін болжайды.

4. Жастарға басқа нұсқадағы жолдар ұсынылатын қажетті жағдайларды жасау негізіндегі тәрбиелік әсердің жанамалық қағидасы.

5. Тәрбиеде қалалық социумның потенциалына сүйену қағидасы бірдей қабылдау қажеттілігін және әлеуметтік тәжірибені қолдануды, нақты өлкедегі оның позитивті қалыптасуын көрсетеді.

6. Жобалау, болжау және модельдеу қағидасы тәрбие дамуының полимәдени және көп ұлтты социумдағы стратегиялық және тактикалық болжауына немесе тәрбие мен оның элементтерінің жұмыс жасау жағдайларын жасауға бағытталған.

7. Ұжымдағы тәрбие қағидасы қатысушылар арасында бірлескен тіршілік әрекетінің үрдісінде қалыптасатын бірдей құқықтағы қатынастар жүйесі ретінде анықталады. Өзінің бүтіндігінің арқасында ұжым ерекше түрмен өзінің әр субъектісіне ықпал етуі мүмкін, жалпы қоғамдағы бейімделу және жекелеу тәжірибесін жинауға мүмкіндік береді.

8. Ұрпақ деңгейіндегі білім жүйесіндегі, тәрбиедегі мирасқорлықтың қағидасы тәрбие үрдісінің үзіліссіздігін, тәрбиеленушілердің мәдени-тарихи отандық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді жеке иемдену (интериоризация) қажеттілігін көрсетеді.

Әлеуметтік педагог қызметінің мәні неде? Жалпы, біз үшін бұл қызмет салыстырмалы түрде жаңа кәсіби қызмет болып табылады [5]. Оның ресми түрде мойындалуынан кейін елімізде жоғары оқу орындарында мамандардың кәсіби дайындығы үшін әлеуметтік педагогика факультеттері құрыла бастады.

Бұл мамандыққа қарағандардың көбі дилемманың алдында жиі тұрады:

– егер бұл педагогикалық мамандық болса, онда неге әлеуметтік педагог кейбір өлшемде әлеуметтік қызметкердің міндетін орындайды, балалар мен ересектерге әлеуметтік-құқықтық, медициналық-әлеуметтік, психоәлеуметтік және әлеуметтік-мәдени деңгейлерінде әлеуметтік-педагогикалық көмекпен айналысады?

– егер бұл әлеуметтік жұмысқа қатысты мамандық болса, онда неге ол әлеуметтік тәрбие сұрақтарын қарастырады және білім беру мекемесіндегі штатында болады?

Бұл мамандық әлеуметтік жұмыс аумағында дәстүрлі түрде дами отырып, одан шынайы түрде айырылып кеткен. Кең ұғымда ол әлеуметтік жұмыстың құрылымдық бөлігі болып табылады. Педагогикалық құрамдасының бөлінуі негізінде және социуммен оның кірігуінің арқасында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жетілдіру құралы болған әлеуметтік-педагогикалық компонентке айналды. Дәстүрлі түрде елімізде әлеуметтік-педагогикалық жұмыс білім беру өрісіне таралады, демек, оның негізгі нысаны оқушылар, олардың жанұялары және білім беру мекемесінің педагогикалық ұжымдары болып табылады.

«Әлеуметтік-педагогикалық» «психологиялықтан» бастапқы тұлға қосылатын шаралардың ұйымдастырылған жүйесі көмегімен социумның потенциалды мүмкіндіктерін қолданудағы белсенді бағытымен ерекшеленеді. Мұнда тұлғаға дәл осылай әрекет етуіне ынта тудыратын қоршаған ортаның әсері жүзеге асады.

Әлеуметтік-педагогикалық компонент педагогикалық теориялық негіздерге жүгінеді, дегенмен адамның ішкі дүниесіне осыған қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жолы арқылы мақсатты әсер етуді ұйымдастыру үшін психологияның мүмкіндіктерін қолдануды болжайды. Соңғысы адамның психикасының өзгеруі мен дамуының заңдылықтары білімінің, жеке психологиялық ерекшеліктері немесе әлеуметтік топтың негізінде құрылады. Бұл мағынада мұндағы «психологиялық» деңгейде басталған жұмыс жалғасады, сол себепті (таза педагогикалық әсерге қарағанда) неғұрлым тұлғаға әсер етуде жұмсақтығымен (психологиялығымен) ерекшеленеді. Осымен маманның әлеуметтік-педагогикалық қызметіндегі қорғаушылық функциясының беделдігі және психологиялық білімге деген көбінің ұмтылысында және әлеуметтік педагог қызметіндегі психологиялық білімінің ролін арттыруда байқалатын әлеуметтік педагог мамандығының феномені түсіндіріледі. Дей тұра, әлеуметтік педагог шынында педагог, арнауы бойынша ол үшін қиын жағдайдағы, оларға тұлғаның өзін қосу және ондағы белсенді қатынасуына қажетті жағдайларды жетілдірудегі мақсатқа сай адамның жаңа ерекшеліктерін қалыптастыру үшін шаралар жиынтығын ұйымдастыруға қабілетті маман болып қала береді [6].

Әлеуметтік педагог қызметіндегі «психикалық» және «психологиялықтың» орны, ролі бастапқы анықтаушылық болып табылады, себебі ол осы негізде әлеуметтік-педагогикалық проблеманың өзін анықтайды және тұлғаға әрі қарай әсер етудің схемасын құрастырады, басқаша айтқанда, өзіндік «проблеманы емдеу» гипотезасын құрады, алдын ала азды-көпті мысалды немесе нақты өзгерістерінің нәтижесін болжай, бастапқы тұлға бөлігі болып табылатын шаралар жиынтығын жоспарлайды және жүзеге асырады.

Әлеуметтік-педагогикалық әсерінің жетістіктілігі әлеуметтік педагогтың адамдағы проблемалық жағдайының туындауының шынайы себептерін айқындай алуына және оны жоюдағы қажетті ресурстарды, мүмкіндіктерді, ең бастысы тұлғаның жеке ресурстарын табуына байланысты.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметінің басты мақсаты тұлғаның әлеуметтік белсенділігіне жету және оны қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық жұмысының соңғы нәтижесі әлеуметтік-педагогикалық әсердің нысаны болатын, оның сапалы бөлімдерінің — тұлғаның әлеуметтік белсенділігі болып табылатын тұлғаның өзінің белгілі бір өзгерісі болуы қажет. Соңғысы тұлғаның әлеуметтік тәжірибені өз бетімен меңгеру қабілетін, оған дұрыс жауап беру және өзінің тәжірибелік қызметінде белсенді түрде қолдануды, өзінің жеке проблемаларын дербес және өз бетінше шешуді білдіретін тұлғалық ерекшелік ретінде қарастырылады, ал өзінің тәжірибесін жинақтау және жетілдіру дәрежесі бойынша әлеуметтік тәжірибеге оны бірқатар жоғары деңгейдегі жаңа потенциалды мүмкіндіктермен өзгерту және байыту арқылы позитивті әсер ету.

Әр кәсіби қызмет қоғам өмірінің қандай да бір саласында (өткізілу орны), қандай да бір халықтың категориясы (қызметтің нысаны) арқылы жүзеге асырылады. Сайып келгенде, біз қызметтің бағытына қол жеткіземіз, ал нәтижесінде әлеуметтік-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары болып табылады: жанұямен, конфессиялармен немесе конфессияларда, мектептерде, денсаулық сақтау бөлімдерінде, интернат типіндегі мекемелерде, жетім балалармен, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен, пенитенциарлық мекемелерде және т.б. әлеуметтік-педагогикалық қызметі. Қызметтің әр бағытында маман бірдей нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады — тұлғаның (жанұяның, мектеп оқушыларының, денсаулықты сақтау мекемелері қызметкерлерінің, интернат типіндегі мекемелерінің немесе жетім балалардың) әлеуметтік белсенділігіне, оның әлеуметтену деңгейіне, әлеуметтік ортаға бейімделгіштігіне.

Мұнда әр түрлі типтегі мекемелерде, халықтың түрлі категорияларының арасында әр түрлі этимологиялы әлеуметтік-педагогикалық проблемаларының шешілуі кезінде жұмыс түрлі тәсілдер арқылы өткізілетінін атап өту маңызды, олар: психоәлеуметтік, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-мәдени, тәрбиелік және т.б. Олардың барлығы бір қызмет аясында жүзеге асырылғандығымен және солай болған соң бір мақсатты көздейді. Қызметтің әр түрлі тәсілдері психоәлеуметтік жұмыстың әлеуметтік-медициналықтан, әлеуметтік-құқықтық жұмысының мәдени-тынығудан, ақпараттық-тәрбиеліктен және т.б. ерекшеленетін оның жеке мақсаттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олардың әрбіреуі қызметтің жалпы мақсатына өзіндік үлесін қосады.

Ағымдық мәселені бір қызмет аясында әр түрлі мазмұндағы өзіндік құралдармен халықтың әр түрлі категорияларының арасында шешуде, халық тобының ерекшелігімен, олардың проблемаларының сипатымен анықталатын әр түрлі мақсаттарға қол жеткізіледі. Түрдің түрден қызмет мақсатымен және нәтижесімен өзгешеленетіндігін ескере отырып, осы деңгейде біз әлеуметтік педагог қызметінің түрлерін бөліп көрсете аламыз:

- психоәлеуметтік;
- әлеуметтік-медициналық;
- әлеуметтік-құқықтық;
- мәдени-тынығу;
- ақпараттық-тәрбиелік жұмыс.

Осы кәсіби қызметтің әрбір түрінің өзіндік мазмұны бар:

Ақпараттық-тәрбиелік жұмыс — бұл балалар мен жеткіншектердің білім берудің әр түрлі деңгейлеріндегі жалпы, кәсіби және арнайы білімдерді меңгеру үрдісінде өмірлік қабілеттіктерін қолдауға, қалыптастыруға бағытталған ақпараттық, тәрбиелік, дамытушы құрамының көп салалы шараларының кешені.

Әлеуметтік-құқықтық жұмысының негізгі мазмұны социумның басқа әлеуметтік институттарымен (балаларды қорғаудағы ұйымдастырушылық-құқықтық және гуманитарлы мүмкіндіктер, балалар мен жасөспірімдердің бостандығының, жалпы мемлекеттік құқықты қорғауда, сонымен қатар білім беру мекемесіндегі социум құрылымының басқа да мүмкіндіктерін белсенді қолданумен құқықтық шеңбердің әрекеттілігін дамыту және қамтамасыздандыру) біріге отырып, жүзеге асыру болып табылады.

Психоәлеуметтік жұмысының мазмұнын қатысушыларда түрлі факторлардың әсеріне психологиялық тұрақтылығының білім үрдісін, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің нақты социум жағдайындағы білім алуы, тәрбиесі, дамуы мен өзін-өзі жетілдіру сұрақтары бойынша психологиялық көмектің әр түрлерін көрсетуді қалыптастыру мен қолдауға бағытталған

диагностикалық, ақпаратты-аналитикалық, жолдамалық, қайта қалыпқа келтіру мен реабилитациялық және болжаулық шаралары құрайды.

Мәдени-тынығу жұмысы саласында әр түрлі әлеуметтік-мәдени жанрындағы, позитивті эмоционалды жағдайларды өнер мен халық шығармашылығының, социум тіршілігінің алдыңғы тенденцияларын айқындайтын, әр түрлі құралдарымен ынталандыру негізінде білім және тәрбиелік үрдісі қатысушыларының әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға бағытталған жан-жақты қызмет жүзеге асырылады.

Медициналық-сауықтыру жұмысы физиологиялық, интеллектуалды және білім беру мекемелері оқушыларының қоршаған әлеуметтік ортамен және медициналық-сауықтыру ресурстары мен социумның мүмкіндіктерін белсенді түрде қолдану негізіндегі кәсіби қызметпен қатынасы үшін маңызды басқа да қабілеттерін қолдауды және әрі қарайғы дамуын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген әлеуметтік-педагогикалық қызметінің (тағы бір ерекшелігі) бағыттарының және түрлерінің әрқайсысындағы қызмет мақсаттары мен міндеттерінің жүзеге асырылуы, бірдей жұмыс формаларын (құралдарын) қолдану арқылы іске асырылатынын атап өту қажет, олар: диагностика, көмек, профилактика (алдын алу), қолдау, кеңес беру, делдалдық, сүйемелдеу, коррекция (түзету), реабилитация және т.б. Яғни, әлеуметтік-педагогика қызметінің формалары өзінің арнауы бойынша әлдеқайда кеңірек. Олар, қызметтің басқа сипаттарына қарағанда, неғұрлым жалпы сипатқа ие. Бұл факт әлеуметтік педагог қызметінің төмендегідей формаларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- әлеуметтік-педагогикалық диагностика;
- әлеуметтік-педагогикалық көмек;
- әлеуметтік-педагогикалық қолдау;
- әлеуметтік-педагогикалық алдын алу;
- әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру;
- әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу;
- әлеуметтік-педагогикалық түзету;
- әлеуметтік-педагогикалық реабилитация;
- медициналық-әлеуметтік-психологиялық консилиум;
- делдалдық [7].

Қызметтік жолға сәйкес тұлғаның кез келген белсенділігінің негізінде оның қажеттіліктері жатады. Бұл жағдайда — тәрбиенің нәтижесі ретінде пайда болатын, ол үшін мағыналы сипаттар ретінде, нәтижесінде тұлғаның өзі де дамудың маңызды құралы, оның әлеуметтік қажеттіліктері.

Мақсаттарды және кәсіби қызметтің талқылаудағы түрін талдаудан, әлеуметтік педагог қызметі тұлғада пайда болатын ағымдық және созылмалы қасиеттегі проблемалардың шешілуінің мүдделігінде қолданылатын, социумның потенциалды мүмкіндіктерін жүзеге асыру құралы ретінде іске асады деп айтуға болады.

Болашақ ұрпақтың тәрбиесі объективті түрде тек мамандардың ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның міндеті. Бұл ұстаным әлеуметтік — барлық адамдардың практикалық тәжірибесі педагогикалық контекстінің жоғарылауына айтарлықтай ықпал етеді.

Балалар мен жастардың әлеуметтік-педагогикалық қозғалысының астында үлкен болашақ жатыр, себебі ол қазіргі замандағы тәрбиенің негізгі бағыттарына сай, себебі қоғам талаптарын ескере отырып, жас адамға мәдениет әлемінде біздің заманымызда аса өзекті болып табылатын мінез-құлық, идеал үлгілеріне бағдар береді.

Сайып келгенде, әлеуметтік педагог қызметі, әсіресе оның психологиялық тарабы күрделі мемлекеттік мәселелер шешімінде — оқушылардың мінез-құлығындағы ауытқулардың алдын алу және келешек Қазақстан азаматының тұлғасын құрастыруда маңызды буын болуына қабілетті.

## References

- 1 Sheptenko P.A., Voronina G.A. Technique and technology of work of a social pedagogue. — Moscow: Academy, 2001. — 208 p.
- 2 Dictionary of the social pedagogy and social work / Compiler: F.Bettmer and other. — Omsk: OmGPU, 1998. — 119 c.
- 3 Kulichenko R.M. Social pedagogy: professionalization of activity. — Tambov: Pub. TSU named after G.R.Derzhavin, 1998. — 240 p.

4 *Zelenov L.A.* Sociology of city: educational material for stud. Higher educational establishments. — Moscow: Gumanit. Izd. Centr VLADOS, 2000. — 182 p.

5 *Mardahaev L.V.* Social pedagogy: [a textbook for institutes of higher education on a direction of training and special...] — Moscow: Academy, 2006. — 205 p.

6 *Rean A.A.* The social, pedagogical and psychological problems of «street» children and teenagers in Russia // *Magister*. — 1999. — № 6. — P. 1–5.

7 *Torohtiy V.S.* Social pedagogy and social-pedagogical activity: the relationship and interdependence // *Materials of the all-Russian Congress of social pedagogues with international participation, 2009. March, 18–21.* / Ed. M.A.Galaguzova: in four parts. P. 1. — Ekaterinburg: Ural state pedagogical University, 2009.

С.Н.Муқанова, Ж.Т.Нығметова

### **Психология деятельности социального педагога**

В статье рассмотрены психологическая сущность и содержание деятельности социального педагога в науке и практике. На основе социально-педагогической деятельности выявлен ряд принципов, обеспечивающих профессиональную деятельность. Определена роль понятий «психический» и «психологический» в деятельности социального педагога. Изложено современное понимание социально-педагогического компонента в педагогической науке. Раскрыты сущность психосоциальной работы, а также вопросы обучения, воспитания, развития и самосовершенствования детей и подростков в условиях конкретного социума. Значительное место уделено рассмотрению специфики, структуры, направлений социально-педагогической деятельности в науке и реальной практике.

S.N.Mukanova, Zh.T.Nygmetova

### **The psychology of the activity of a social pedagogue**

The article considers the psychological essence and content of the activity of a social pedagogue in science and practice. On the basis of socio-pedagogical activity is identified a number of principles to ensure the professional activity. Definesthe role of the concepts of «psychic» and «psychological» in the activity of a social pedagogue. Presents the modern understanding of the socio-pedagogical component in pedagogical science. Reveals the essence of psychosocial work, as well as issues of education, upbringing, development and self-improvement of children and adolescents in the conditions of a specific society. A significant place is given to the consideration of the specifics of the structure, the directions of socio-pedagogical activity in science and practice.